


**«Бекітемін»**

Ақмола облысы білім басқармасының  
«Облыстық оқу-әдістемелік  
кабинеті» КММ-нің директоры

 Л.С. Курманғалиева

« 06 » 05 2022 ж.

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері»  
Республикалық байқауының облыстық кезеңін өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» Республикалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) облыстық кезеңінің мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау ҚР БҒМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің (бұдан әрі – Институт) және Ақмола облысы білім басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік кабинеті» КММ-нің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** әдіскерлердің инновациялық және кәсіби маңызды тәжірибесін анықтау және тарату, мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі мәртебені көтеру және кәсіби имиджді қалыптастыру.

**1.4. Міндеттері:**

- әдіскерді инновациялық қызметке, кәсіби өзін-өзі танытуға ынталандыру;

- МДТББ жүйесінде әдіскердің мәртебесін арттыру және оң әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету;

- әдістемелік жұмыс менеджментінің тиімді нысандары, әдістері, технологияларының «банкін» қалыптастыру.

**2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары**

2.1. Байқаудың ұйымдастырушылары – Ақмола облысы білім басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік кабинеті» КММ, аудандық (қалалық) білім бөлімдері.

2.2. Байқауға мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері қатыса алады (әдіскер ретіндегі жұмыс отілі кемінде 3 жыл).

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең-аудандық (қалалық);


II кезең-облыстық;

III кезең - республикалық.

2.4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде байқау комиссиясы құрылады, оның құрамы аудандық/қалалық білім бөлімдерінің,

**«Бекітемін»**

Ақмола облысы білім басқармасының  
«Облыстық оқу-әдістемелік  
кабинеті» КММ-нің директоры

 Л.С. Курманғалиева

«06» 05 2022 ж.

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері»  
Республикалық байқауының облыстық кезеңін өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» Республикалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) облыстық кезеңінің мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау ҚР БҒМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің (бұдан әрі – Институт) және Ақмола облысы білім басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік кабинеті» КММ-нің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** әдіскерлердің инновациялық және кәсіби маңызды тәжірибесін анықтау және тарату, мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі мәртебені көтеру және кәсіби имиджді қалыптастыру.

**1.4. Міндеттері:**

- әдіскерді инновациялық қызметке, кәсіби өзін-өзі танытуға ынталандыру;

- МДТББ жүйесінде әдіскердің мәртебесін арттыру және оң әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету;

- әдістемелік жұмыс менеджментінің тиімді нысандары, әдістері, технологияларының «банкін» қалыптастыру.

**2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары**

2.1. Байқаудың ұйымдастырушылары – Ақмола облысы білім басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік кабинеті» КММ, аудандық (қалалық) білім бөлімдері.

2.2. Байқауға мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері қатыса алады (әдіскер ретіндегі жұмыс отілі кемінде 3 жыл).

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең-аудандық (қалалық);

II кезең-облыстық;

III кезең - республикалық.

2.4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде байқау комиссиясы құрылады, оның құрамы аудандық/қалалық білім бөлімдерінің,



білім басқармасының облыстық оқу - әдістемелік кабинетінің бұйрығымен бекітіледі.

2.5. Байқау комиссиясының құрамына облыстық оқу - әдістемелік кабинетінің, білім бөлімдердің әдіскерлері, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлері, колледж оқытушылары, тәжірибелі педагогтер, кәсіби педагогикалық шеберлік байқауларының жеңімпаздары кіреді.

2.6. Байқау комиссиясының мүшелері ұсынылған материалдарды зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды. Байқаудың қорытындысы бойынша бір жеңімпаз анықталады, ол келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

2.7. Облыстық кезеңге байқаудың аудандық/қалалық кезеңінің жеңімпазы жіберіледі.

2.8. Облыстық кезеңнің байқау комиссиясының карауына аудандық/қалалық білім бөлімдері мынадай материалдарды жолдайды:

1) аудандық/қалалық білім бөлімдерінің **ілеспе хаты**;

2) қатысушының **ақпараттық картасы** (осы Ережеге 1-қосымша);

3) бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша аудандық/қалалық білім бөлімдерінің байқау комиссиясының хаттамасы (сканерленген көшірмесі);

4) **әдіскердің Е-портфолиосы** (осы Ереженің 2-қосымшасы) – әдіскердің е-портфолиосындағы материалдарды қарау үшін қатысушының ақпараттық картасында (осы Ереженің 1-қосымшасы) белсенді сілтеме көрсетіледі;

5) техникалық шарттарға сәйкес **«Әдістемелік шеберлік» бейнеролигі** (осы Ереженің 3-қосымшасы).

Байқау келесі негізгі бөлімдерден тұрады:

1) әдіскердің Е-портфолиосын зерттеу;

2) «Мен – әдіскермін», онлайн түрінде сұхбат алапын ұйымдастыру (осы Ереженің 3-қосымшасы);

3) «Әдістемелік шеберлік» бейнеролигін қарау.

Байқау нәтижелері осы Ереженің 1-4-қосымшаларында орналастырылған талаптарға сәйкес балдық жүйе бойынша бағаланады.

### **3. Байқауға қатысушыға қойылатын талаптар**

3.1. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өндеуге келісімін береді.

3.2. Жіберілген материал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

### **4. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар**

4.1. Республикалық кезеңге материалдар «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» байқауы атауымен **do\_umk@mail.ru** электрондық поштасына 2022 жылғы **«15» маусымнан** кешіктірмей жіберілуі тиіс.

4.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

### **5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау**

5.1. «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» облыстық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленді:

- Гран-при;
- I орын;
- II орын;
- III орын.

Номинациялар:

- «Ескер әдіскер»;
- «Жаңашыл әдіскер»;
- «Көшбасшы әдіскер».

5.2. Байқаудың облыстық кезеңінің жеңімпаздары облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің дипломдарымен және грамоталарымен марапатталады.

5.3. Байқау қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары білім басқармасының және облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің сайттарына және әлеуметтік желілерінде жарияланатын болады.

**Анықтамалар үшін телефон: 8 (7162)40-12-36**



**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері»  
облыстық байқауға қатысушының ақпараттық картасы**

1. Әдіскер туралы жалпы мәліметтер
  - Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), 3x4 өлшемді фотосуретін салу
  - Жұмыс өтілі (еңбек, педагогикалық, оның ішінде әдістемелік жұмыс өтілі)
  - Білімі; қосымша кәсіби білімі
  - Біліктілікті арттыру (соңғы үш жылда).
  - Республикалық, облыстық, халықаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу (қатысу мәртебесін көрсету)
    - Марапаттары (грамоталар, алғыс хаттар, пікірлер мен ұсынымдар), біліктілікті арттыру курстардың сертификаттары, соның ішінде қашықтықтан өткен курстары (білімін, өткен курстарды растайтын құжаттардың, құрмет грамоталары мен сертификаттардың сканерленген нұсқасы).
2. Әдістемелік қызмет мониторингі.
  - Соңғы 3 жылдағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарының нәтижелілігі және тиімділігінің мониторингі;
  - Кәсіби байқауларға өзінің қатысуы туралы мәлімет.
3. Ұялы телефон. Материалдарды қарау үшін интернет ресурстарға белсенді сілтеме.

**«Әдіскердің Е-портфолиоһы» (5 ұпай)**

Байқауға қатысушы материалдарды қарау үшін қатысушының ақпараттық картасында (осы Ереженің 1-қосымшасы) бір ғана белсенді сілтемені ұсынуы тиіс.

Е-портфолио келесілерді қамтиды:

- Ғылыми кеңесте қаралған және кең аудиторияға ұсынылған баспа басылымдарының тізбесі (оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар, жинақтар, нұсқаулықтар мен т.б.);
- тәжірибелік-эксперименттік жұмысты, жобалық іс-әрекетті және басқаларын әдістемелік сүйемелдеу;
- бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдары;
- қатысушы қатысқан семинарлардың, байқаулардың, шығармашылық есептердің, ашық іс-шаралардың материалдары, ғылыми-практикалық конференцияларда оқыған баяндамалары (соңғы үш жылда);
- әдістемелік конференциялар, педагогикалық оқулар, мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби педагогикалық шеберлік байқауларын лайықтау мен өткізуде аудан, облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың көлемінде әдістемелік бірлестік жұмысына қатысу деректері (соңғы

үш жылда);

- әдіскердің шығармашылық ізденісі, шығармашылық шеберхана материалдары: мектепке дейінгі білім беру жүйесінде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру барысында инновациялық технологияларды қолдануы;

- ғылыми-әдістемелік іс-әрекеттің нәтижелілігі мен тиімділігінің мониторингісі;

- байқауға қатысушының тәжірибесі мен кәсіби қызметінің ерекшелігін көрсететін материалдар, фото және бейнематериалдар.



**«Мен - әдіскермін» - онлайн сұхбат аланы (10 ұпай)**

Қатысушының қашықтықтан сұхбат беруіне қойылатын талаптар:

- 1) әдіскердің жұмысындағы инновацияның өзектілігі;
- 2) тәрбиелеу-білім беру процесін әдістемелік қолдаудың тиімділігі;
- 3) әдіскер қолданған жұмыстың мазмұны;
- 4) әдістемелік жұмыстың нәтижелілігі;
- 5) ұсынылған жұмыстың жүйелілігі;
- 6) педагогикалық ұжыммен, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (занды өкілдерімен) жұмыс істеу барысындағы әдіскердің кәсіби шеберлігі;
- 7) әдістемелік жұмысты ұйымдастырудағы өзіндік тәсілі;
- 8) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінің 46-тармағын іске асыру бойынша пайымдауы мен идеялары.

Техникалық сипаттамалары:

- сөз сөйлеу ұзақтығы – 5 минуттан аспайды;
- қазылар алқасының сұрақтарына жауаптар –3 минутқа дейін;
- презентациямен немесе бейнефрагменттермен сөз сөйлеуге рұқсат етіледі.

Байқауға қатысушылардың сөз сөйлеу кезектілігін комиссия айқындайды.

Байқаудың осы бөліміне қатысу үшін күні, уақыты және сілтеме қосымша хабарланатын болады.

**«Әдістемелік шеберлік» бейнеролигі (10 балл)**

Бейнеролик байқауға қатысушының кәсіби құзыреттілігін қамтуы тиіс. Әдіскер өткізетін іс-шараның үзіндісінен байқауға қатысушының педагогикалық процесті әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыруының практикалық тәжірибесі көрініс табуы қажет.

Бейнероликте сақталуы тиіс жалпы талаптар:

- Интернет желісінде орналастырылған, бұрын жарияланған, басқа байқауға қатысқан бейнематериалдарға жол берілмейді;
- бейнематериал әдіскер ұсынатын мектепке дейінгі білім беру ұйымының қолдауымен немесе опымен бірлесіп жасалуы мүмкін;

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- рұқсаттылығы HD томен емес (1280x720);
- формат \*.mp4;
- бейнематериалдың хронометражы 3-5 минут.

**«Әдістемелік шеберлік» бейнеролінің бағалау критерийлері мен көрсеткіштері**

№	Критерийлер	№	Көрсеткіштер
1	Педагогикалық процесті әдістемелік қолдауды ұйымдастыру	1.1	Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты, жобалық қызметті және т.б. сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.
		1.2	Педагогке оның тәжірибесінде нақты проблемаларды анықтауға көмек көрсетеді.
		1.3	Замануи инновациялық технологияларды қолданады.
		1.4	Дамыту бағдарламаларын таңдау үшін педагогке балалардың қызығушылықтарын зерттеуге көмектеседі.
		1.5	Мұғалімдерге ойын аймақтарын ұйымдастыруға, педагогикалық тәсілдерді таңдауға, оқу ресурстарын іріктеуге және т. б. көмек көрсетеді.
		1.6	Көрнекілік және АКТ құралдарын орынды қолданады.
2	Ұйымдастырушылық мәдениет	2.1	Жұмысын тиімді ұйымдастырады.
		2.2	Өзін-өзі жүзеге асыру арқылы педагогтердің тәжірибесін жетілдіруді қамтамасыз етеді.
3	Сөйлеу, коммуникациялық мәдениет, жеке – кәсіби қабілеттері	3.1	Педагогикалық ұжыммен және ата-аналармен жұмыс барысында қолайлы психологиялық климат орнатады.
		3.2	Қарым-қатынаста этикалық ережелерді сақтайды, кәсіби қызметінде өзіндік жеке стилін көрсетеді.
		3.3	Сөйлеу мәдениетін сақтайды, міндетті анықтауда сауаттылық, нақтылық, жинақтылық көрсетеді.